

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе облысы  
Әйтеке би ауданы  
Аралтоғай селосы  
С.Оразалин атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі



Республика Казахстан  
Актюбинская область  
Айтекебийский район  
село Аралтоғай  
ОСШ имени С.Оразалина

Қазақстан 50 жылдығы № 8, телефон: 23-0-19 факс: 23-0-19 E mail: orazalin.om@mail.ru

Аралтоғай селосы

25 тамыз 2022 жыл

Бұйрық № 80

**2022 – 2023 оқу жылының басталуы туралы**

Қазақстан Республикасының Премьер – Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486/21-01-7,13п.3.7 тапсырмасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылдың 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 368 бұйрығы негізінде Әйтеке би ауданы бойынша білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

**Бұйырамын:**

1. Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылының басталуы ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын. 2022 – 2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылдың 1 қыркүйегі.
2. Оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында -35 оқу аптасы, 1 – сыныптарда -35 оқу аптасы, 2 – 11(12) сыныптарда -36 оқу аптасы, мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескере отырып, қайталауға арналған сабақтар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.
3. Оқу жылының барысындағы каникул 1-11(12) сыныптарда күзгі каникул-7күн (2021 жылдың 31 қазан мен 6 қараша қоса алғанда), қысқы каникул -9 күн(2022 жылдың 31 желтоқсаны мен 2023 жылдың 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул-9күн(2023 жылдың 18 – 26 наурыз аралығында)  
Мектепалды даярлық сыныптары мен 1 –сыныптарда -7күн (2023 жылдың 6 – 12ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Акимоваға міндеттеймін.

Мектеп директоры:  А.А. Дошаев

